

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 220 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 28 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4437 болып енгізілді.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының » "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2548 тіркелген) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2548 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Агенттік Басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 74 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2797 тіркелген), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2005 жылғы 28 мамырдағы N 159 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3699 тіркелген), "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 47 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4161 тіркелген), "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының кепілдік және өтемақы төлемдерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 345 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Агенттік Басқармасының 2006 жылғы 25

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына
қ а т ы с у д ы ң ү л г і ш а р т ы н д а :

"4) уәкілетті орган берген ақпаратқа сәйкес міндетті жарналарды және шартты міндеттемелерді есептеудің дұрыстығын айқындауға құқылы.";

"2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші жұлдызынан кешіктірмей, Қорға осы Үлгі шарттың 1-қосымшасына сәйкес сақтандыру сыйлықақыларының, міндетті жарналар мен шартты міндеттемелердің есептелген сомасы жөніндегі мәліметті ұсынуға;"

"2-1) өткен қаржы жылы аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде Қорға жасалған сақтандыру шарттарының саны, осы Үлгі шарттың 2-қосымшасына сәйкес өткен қаржы жылы үшін сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің жалпы есептелген сомасы туралы мәліметті, сондай-ақ Қордың міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажет басқа ақпаратты ұсынуға;"

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары
Ғ.Н.Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2006 жылғы 23
қыркүйектегі N 220 қаулысының

қосымшасы

"Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қорына
қатысудың үлгі шартының

1-қосымшасы

**Сақтандыру сыйлықақыларының, міндетті жарналар мен шартты міндеттемелердің
есептелген сомасы жөніндегі мәліметтер**

(сақтандыру ұйымының атауы)

20__ жылғы __ тоқсан үшін
(теңгемен, тиынмен)

Міндетті сақтандыру сыныбының атауы	"Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер" 701 41 шоты бойынша кредиттік айналымдар	"Сақтандыру сыйлықақылары түріндегі кірістер" 701 41 шоты бойынша дебеттік айналымдар	Қазақстан Республикасының резиденттерімен Қ а й т а сақтандырушылармен есеп айырысу" 671 42 шоты бойынша кредиттік айналымдар	Міндетті жарналардың есептелген сомасы	Шартты міндеттемелердің есептелген сомасы	Қорға қатысқаннан бастап кезеңде есеп телген шартты міндеттемелердің жалпы сомасы (өсіп отыратын нәтижесімен)
--	--	---	---	---	--	---

Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қорына қатысудың
үлгі шартының 2-қосымшасы

**Жасалған сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру
сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің жалпы
есептелген сомасы туралы мәліметтер**

(сақтандыру ұйымының атауы)

20__ жылға

(мың теңгемен)

			Сақтандыру/ қайта сақтандыру шарттары	
--	--	--	--	--

Міндетті сақтандыру сыныбының атауы	Жасалған сақтандыру шарттарының саны (бірлікпен)	Сақтандырылған объектілер саны (бірлікпен)	бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар
---	---	---	--	--

"
.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК